

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Еленбейтін маңдай-тер

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.03.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/116531/

Еленбейтін, маңдай Тер!

Қазақ халқы ертеден-ақ еңбекқор, несібесін маңдай терін төгіп адалынан алған. Еңбектің ең қиыны-қара жұмыс екені бесенеден белгілі. Ата-бабамыздың ата кәсібі мал шаруашылығына да ерекше еңбек, қажымас қайрат керек. Жылдың төрт мезгілінде, төрт-түліктің қамы үшін, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп, мал шаруашылығын жоғары деңгейде дамыта білді.

Уақыт өте келе заман ағымы Экономика үшін технологияның аса маңыздылығын аңғартты. Кеңестер кезінде Қазақстан аумағында егіншіліктен бастап пайдалы қазбаларды игеру сынды ауыр жұмыстар бірінші кезекке қойылған еді. Сол істің майталман ардагерлері үлкен беделге ие болып, ескеріліп марапатталған еді.

Ал қазіргі Тәуелсіз Қазақстанда да көбіне актерлерді, әншілерді, ақын-жазушылардың еңбегін ерекше бағалайтыны өтірік емес. Аталмыш сала иелерінде атақ-данқ, абыройдың жоғарылығы білінеді. Ал медицина, педагогика, технология сынды сала иелері бар ғұмырының сарп етсе де, еңбектері жоғары деңгейде еленбей келетіні өкінішті емеспе? Еліміздің әл-ауқатын көтерудегі бар еңбектің үлкен бөлігі, осы маман иелерінде. Сондықтан Ауыр еңбекті, қажырлы қайратты талап ететін осындай Маман иелеріне, республика көлемінде көңіл бөлініп, Ардагерлері бейнетінің зейнетін дұрыс көруі қамтамасыз етілуі тиіс. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - Жаңа Қазақстанның жалғыз тірегі ол - Технология. Сондықтан сол саланы насихаттап, ескеру Аса Маңызды!

Берден Хамза

01.02.2022

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.